



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 19 – 26 маусым аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы 29 маусым

Сауда-саттықтың қорытындылары бойынша 26 маусымда теңгенің нарықтық бағамы апта ішінде 0,5%-ға (403,79-дан) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 401,87 теңге деңгейінде қалыптасты.



Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 19 – 26 маусым аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. Дамушы елдер валюталарының динамикасы көп бағытты болды. АҚШ еуропалық компанияларға авиақұрылыс компанияларын субсидиялауға қатысты ЕО-мен даудың жалғасы ретінде 3,1 млрд еуро мөлшерінде баж салығын енгізуді қарастыруда. ХВҚ әлем экономикасының құлдырау болжамын 2020 жылы (-)4,9%-ға дейін төмендетті ((-)3%-ға қарсы – алдыңғы болжам). АҚШ-тың кейбір штаттарында коронавируспен ауыратын науқастар санының күрт өсуі жаңа шектеу шараларын енгізу және әлемдік экономиканың баяу қалпына келуі туралы алаңдаушылық туғызады. АҚШ президенті Қытаймен мәмілені тоқтату туралы хабарламаны өзінің кеңесшісі айтқаннан кейін керісінше жоққа шығарды.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:



- **үнді рупиясы** ҚХР шекарасындағы әскери шиеленістің төмендеуіне, сондай-ақ елде карантиндік шаралар біртіндеп алынып тасталғандықтан, экономиканың қалпына келуіне байланысты елдің қор нарығына капиталдың түсуі жағдайында 0,7%-ға (76,19-дан 75,64-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ Президентінің ҚХР-мен жасалған келісімнің толық сақталатындығы туралы мәлімдемесінің, сондай-ақ сарапшылардың күткенінен сәл жақсы болған бюджеттің рекордтық тапшылығы туралы болжамның жариялануы аясында 0,2%-ға (17,33-тен 17,3-ке дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** бір аптада аздап өзгерді (6,85-тен 6,86-ға дейін), ұлттық валюта бағамы өткен апта деңгейінде қалды;
- **Ресей рублі** коронавируспен ауыру жағдайларының өсуіне байланысты мұнай бағасының төмендеуі жағдайында 0,3%-ға (69,56-дан 69,78-ге дейін) әлсіреді;
- Индонезия рупиясы елдің қор нарығынан капиталдың әкетілуі жағдайында 0,9%-ға (14 100-ден 14 220-ға дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ-та коронавирустың жаңа жағдайлары туралы, сондай-ақ сәуірде экономикалық белсенділіктің 19,85% ж/ж рекордтық төмендеуі туралы деректердің таралуы туралы алаңдаушылық аясында 1,9%-ға (22,63-тен 23,05-ке дейін) әлсіреді;

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Бразилия реалы** 3,2%-ға (5,31-ден 5,48-ға дейін) әлсіреді. Бразилияның ОБ экономиканың құлдырауына қатысты болжамды (-)6,4% деңгейіне дейін түзеді (0% - алдыңғы болжам), сондай-ақ мөлшерлемені 2,25%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.



Дамушы елдер валютасының серпіні (2020 жылғы 12 маусым=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпарат БАҚ өкілдері үшін мына телефондар арқылы қолжетімді:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz